



ҚОРДАЙ

КОРДАЙСКИЙ МАЯК

QORDAI

ШАМШЫРАҒЫ

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕНБИ 4 СӘУІР 2026 ЖЫЛ №26 (3503)

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

МАМАНДЫҚҚА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Қордай ауданыдық прокуратурасының бастамасымен «Болашақ прокурор кеңестігі» атты жаңа кәсіптік бағдар беру жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында Дінмұхамед Қонаев атындағы №1 мектеп-гимназиясында құқық қорғау бағытына қызығушылық танытқан оқушылардан құралған жас өкілдер пайда болды.

Жобаның салтанатты ашылу рәсіміне аудан прокуроры Қайыржан Қуатбеков, аудандық мәслихат төрағасы Нұрдин Садықов, аудан әкімінің орынбасары Дамира Сүгірбай, аудандық полиция бөлімінің бастығы Бауыржан Үдергенов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Біржан Әлімбет, сондай-ақ ұстаздар, оқушылар және шақырылған қонақтар қатысты.


Жаңа білім беру алаңы оқушыларға құқық қорғау жүйесінің ерекшеліктерімен тереңірек танысуға, алғашқы тәжірибелік дағдылар алуға және болашақ мамандық таңдауға мүмкіндік береді. Іс-шара аясында прокуратура мен оқу орны арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген аудан прокуроры Қайыржан Қуатбеков заң үстемдігін қамтамасыз етудегі және азаматтардың құқықтарын қорғаудағы прокуратура органдарының маңыздылығын атап өтті. Ол бүгінгі таңда жастарды әділдік, жауапкершілік және қоғамға қызмет ету рухында тәрбиелеудің аса маңызды екенін жеткізді. Сонымен қатар, сөз барысында лудомания мен нашақорлық сияқты өзекті әлеуметтік мәселелер қозғалып, «Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Заң және тәртіп» қағидаттарын ұстанудың қажеттілігі атап өтілді.

Басқа да спикерлер оқушыларға адал, жауапты болып, заңды сақтауға шақырып, сапалы білімнің жеке және кәсіби дамудың негізі екенін айтты.

Іс-шара аясында Дінмұхамед Қонаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Салтанатты жиын оқушыларға жаңа жобаға қатыстылығын білдіретін арнайы куәліктер табыстаумен қорытындыланды.

Аталған бастаманы жүзеге асыру жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруда, патриотизмді дамытуда және қоғамда заңдылық пен әділдік қағидаттарын насихаттауда маңызды қадам болды.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Қой бақтым - қоңырау тақтым

Қордай ауданында мал төлдету науқаны сәтті жалғасуда, бұл әсіресе, ауыл шаруашылығының дамуы үшін маңызы зор кезең. Көктемнің келуімен, төрт түлік мал өсірушілер үшін жаңа мүмкіндіктер туындайды. Жергілікті шаруалар малды төлдету науқанына белсенді түрде қатысып, өзінің күш-жігерін, білімін аямай, тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін еңбек етіп келеді.

Ауданымызда, оның ішінде Қақпатас ауылдық округі, науқанға белсенді қатысуда. «Төрехан» шаруа қожалығы – ауданымыздағы ең танымал шаруашылықтардың бірі. Мұнда малды күтудің, өсірудің қыр-сырын меңгерген Талант Сейдуалиев жетекшілік етуде. Оның әкесі Төрехан осы шаруашылықты 30 жыл бұрын құрған. Бүгінде ол әке жолын қуып, ол салған сара жолмен, отбасылық дәстүрлерді жалғастырып келеді.

Біз, редакция тілшілері, аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Әсет Сапарбай жол бастап, дәстүрлі сақман науқанының куәсі болдық.

«Асылтұқымды «Байсары» қойын көбейтіп жатырмыз және бұл жұмысымыз 20 жылдан бері тұрақты жалғасуда. Сақман науқаны ақпан айынан басталып, сәуір айының ортасына дейін жалғасады. Науқан кезінде малшылар барынша тынымсыз жұмыс істейді, өрбір төлдің денсаулығын және сапасын бақылап, қажетті дәрі-дәрмектерді уақытында беруге тырысады», - дейді қожалық жетекшісі.

Әке тәрбиесі мен кейіпкеріміздің бала күннен төрт түлікке деген қызығушылығы жаңа қой тұқымын дамытуға негіз болды.

Қожалық иесі мәлім еткендей, төлдеу науқанында 100 бас қойдан 100 қозы алу

көрсеткішіне жетуде. Бұл – мал шаруашылығы үшін жағымды жаңалық, себебі мұндай нәтижелер асылтұқымды малдың дұрыс күтімнің әсерін көрсетеді.

Малдың қоңдылығын сақтау – бұл жыл бойы үздіксіз жалғасып, көптеген күш-жігерді талап ететін еңбек. Көктемгі мал төлдету науқаны – шалғайдағы малшылар үшін ерекше жауапты кезең. Олар төлдеген малдың сау әрі мықты болып шығуына барынша назар аударып, барлық күш-жігерлерін салып, жұмыс жүргізуге әрқаздай дайын. Өйткені, мал бағу – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын тамаша дәстүр.

Талант Төреханұлы, өзінің кәсібін дамыту арқылы қоғамға қызмет ету ниетін білдіреді, бұл тек мал өсірумен шектелмей, ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуды да қамтиды.

Мал төлдету науқанының маңызы сонымен бірге ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне, азық-түлік қауіпсіздігіне, жұмыс орындарын қамтамасыз етуге де тікелей байланысты. Бүгінде малшылар, шаруа қожалықтарының иелері мен қызметкерлері осы салада қолынан келгенше белсенділік танытуда. Көктемгі мал төлдету науқаны ауыл шаруашылығы үшін тек ғана табыс көзі емес, сонымен қатар аудан экономикасы үшін тұрақтылықтың негізі.

Ғасырлар бойы мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқы төрт түліктің қадір-қасиетін жақсы білген. Көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алатын ата кәсіптің өзіндік қыр-сыры бар.

Дана халқымызда «әлемнің өміршісі – еңбек» деп бекер айтылмаса керек. Ал, адам өмірінің алтын арқауы да осы маңдай тер, табан ақы, адал еңбекпен өрілетіні анық.

Әділет ҚҰТТЫБАЙ



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қордай аудандық ардагерлер кеңесі Қордай ауданының «Құрметті ардагері», Жамбыл ауылының еңбек ардагері **КОПБАЕВА ҰЛБАЛА МАҚСҰТҚЫЗЫН** 80 жас мерейтойымен құттықтайды!

Сізге зор денсаулық, шаттық пен бейбіт өмір, отбасыңызға амаңдық пен бақ-береке тілейміз. Жаңа жасыңыздағы әрбір жаңа күніңіз қуаныш пен нұрға толы болсын!

Сексен жасыңыз бүгінгі,
Құтты болсын кеп жеткен.
Күндеріңіз көп болсын,
Жаныңызды нұрлы еткен.

ҚЫЗМЕТТЕР

Тоңазытқыштарды жөндейді, үйге барды. Сапалы. Кепілдігі бар. Қордай а., Жібек жолы к., 197. Тел.: 87759090075, 87753838816.



ЖАЛЮЗИ
РОЛЛПЕРДЕЛЕР
барлық түрлері

КЕРІП ТАРТЫЛҒАН ТӨБЕ
Барлық түрлері

НЕСИЕ
ПОСТРАТАР
ВЕЩАТНАМА
ФОТОБУСҚАҒАР
ТАРШЕДЕР

+7 7005707515 НАТАЛЬЯ
+77027428333 ВЛАДИМИР
+ 77754556336 ИВАН
@rolshori_luxor_korday
@potolki_luxor_korday
@svet_luxor_korday
@fotooboi_luxor_korday
«Үсен ұлы» базары,
2 қатар, 10 контейнер

ҚҰРМЕТТІ ҚОРДАЙ ТҮРҒЫНДАРЫ!

«Bolashak» ШО мектепке дейінгі білім беру мекемесі ағымдағы 2026-2027 оқу жылына мектепке дейінгі дайындыққа

5 жастағы және ересек топқа **4 жастағы** балаларды (оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 0-сыныптар) қабылдауды жалғастыруда. **Барлық үйірмелердегі жаттығулар балалар үшін толығымен тегін!**

Сонымен қатар жеткізу тегін! Жаңартылған бағдарлама бойынша жеке сабақтар. Сабақтарды тәжірибелі, білікті ұстаздар жүргізеді. Көпбалалы ата-аналарға жеңілдіктер қарастырылған. Жыл соңында даярлық сыныпты аяқтағаны туралы **сертификат** беріледі!

Мекенжайымыз: **Қордай а., Домалақ ана к., 328.**
Тел.: **+77779000438, +77017721850, +77781728994.**

АЛҒЫС

Қордай АОА қабылдау бөлімінің кезекші дәрігері **М.КАРИМОВҚА**, сондай-ақ жедел жәрдем бригадасы – **М.АМИРКУЛОВА** мен **ЗЕРТБЕККЕ** жоғары кәсіби шеберліктері, жедел әрекеттері мен пациенттерге деген қарым-қатынасы үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Күрделің әрі қиын жағдайда олар медициналық біліктіліктің жоғары деңгейін, жауапкершілік пен мейірім таныта білді. Олардың келісілген және білгір әрекетінің арқасында адам өмірі сақталып, уақтылы медициналық көмек көрсетілді. Сіздердің ауыр еңбектеріңіз үшін, өз істеріңізге деген берілгендіктеріңіз үшін үлкен рахмет айтамын.

Ата-аналарыңыз сіздермен мақтана алады! Мықты денсаулық, күш-қуат, төзімділік пен еңбектеріңізді бағалайтын пациенттер тілеймін.

Ирина Акоюнц. Степное а.

Құбырлар сатылады
d -1м, 1,5м, 2м. Қақпақтар, түптер. Экскаватор мен манипулятордың қызметтері. «КамАЗ» -длинномер а/к, «МАН» а/к манипулятор жүргізушілер, слесарь қажет. Жібекжолы к., 399 (ауылшаруашылық техника базасы). Тел.: 87789153526.

ҚЫЗЫЛ КІРШІТІ
көтерме бағамен жеткізіп береді.
Тел.: **87013172872.**

АУА-РАЙЫ

Жексенбі, 5 сәуір - күндіз +21, түнде +13, күн бұлтты;
Дүйсенбі, 6 сәуір - күндіз +25, түнде +11, күн бұлтты;
Сейсенбі, 7 сәуір - күндіз +24, түнде +12, аздап бұлтты;
Сәрсенбі, 8 сәуір - күндіз +14, түнде +9, жаңбыр.
gismeteo.kz

МАМАН ЕСКЕРТЕДІ

Өрт қаупі бар маусым басталды

Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты «Қордай ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 26 наурыздан бастап мемлекеттік орман қоры жерлерінде өрт қаупі бар маусымның басталғанын хабарлайды.

Көктем мезгілінің келуімен ауа температурасының жоғарылауы, қар жамылғысының еруі және құрғақ шөптердің пайда болуы орман өрттерінің туындау қаупін арттырады. Осыған байланысты мекеме тарапынан өрттің алдын алу және оны болдырмау мақсатында кешенді іс-шаралар қолға алынды.

Атап айтқанда, орман күзеті қызметкерлері күшейтілген жұмыс режиміне көшіріліп, тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды. Орман алқаптарын патрульдеу және бақылау жұмыстары күшейтіліп, өрт бақылау мұнаралары мен байланыс құралдары толық тексерілді.

Сонымен қатар, өрт сөндіру техникалары мен құрал-жабдықтары дайындыққа келтіріліп, қажетті жанар-жағармай қоры жасақталды. Орман өрттерінің негізгі себептерінің бірі – адам факторы. Осыған байланысты тұрғындарға орман алқаптарында және оған жақын

аумақтарда өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажеттігі ескертіледі. Атап айтқанда, ашық от жағуға, құрғақ шөптерді өртеуге және жанғыш заттарды қалдыруға қатаң тыйым салынады.

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар жауапкершілікке тартылады.

Орман – ел байлығы. Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Өрттің алдын алу арқылы біз табиғи ресурстарды сақтап, келер ұрпаққа аман жеткізе аламыз.

М.КАРИБАЕВ, «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қордай ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ басшысы



ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл облысы Қопалы учаскесінде 23.08.2025ж. №3576-EL лицензиясы бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдау өткізіледі. Учаскенің географиялық координаттары: 1.44° 03' 0.00"; 75° 01' 0.00"; 2. 44° 03' 0.00"; 75° 07' 0.00"; 3. 44° 02' 0.00"; 75° 07' 0.00"; 4. 44° 02' 0.00"; 75° 09' 0.00"; 5. 44° 01' 0.00"; 75° 09' 0.00"; 6. 44° 01' 0.00"; 75° 06' 0.00"; 7. 44° 00' 0.00"; 75° 06' 0.00"; 8. 44° 00' 0.00"; 75° 02' 0.00"; 9. 44° 01' 0.00"; 75° 02' 0.00"; 5. 44° 01' 0.00"; 75° 01' 0.00"; 00"; 69° 54' 00"; 3. 44° 50' 00"; 69° 51' 00" 4. 44° 52' 00"; 69° 51' 00"; 5. 44° 52' 00"; 69° 48' 00";

Өткізілу мекен-жайы, орны: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар ауылдық округі, Аңырахай ауылы, Желтөбе көшесі, ТЖ мекемесінің ғимараты,

Күні мен уақыты: 19.05.2026 жылы, сағат 10.00-де.

Бастамашысы: «QazGeology» ЖШС-і, БСН 230240041734, ҚР Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин көшесі, 498, элпошта: s.yeliupov@gmail.com, тел +7 (701) 788 26 76..

Жобаны орындаушы: «Пасечная И.Ю.» ЖК, ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қ-сы, Қаратау(2) м.а., 12үй, 31 п., тел.87017392827, E-mail:inna_1310@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен NBD SOS и PR (<https://ndbecology.gov.kz>) сайтында және Жамбыл облысының ЖАО сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru>) танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және Тараз қаласы, Абай даңғылы 133 А, «Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, s.agabek@zhambyl.gov.kz.

«QazGeology» ЖШС барлық ниет білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады.

Qosyl сілтемесіне қосыл: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=956402253733>

Кездесу идентификаторы: 956-402-253-733

ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР
Шолпан САБАНОВА

Газет 2012 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 12895-Г куәлік берілген

Бас редактордың орынбасары
Жандос ОМАРОВ

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ:
Гаухар ЖҰМБАЕВА
бас бухгалтер

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қордай шамшырағы - Кордайский маяк» аудандық қоғамдық-саяси газеті» ЖШС

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдіруі міндетті емес

Жарнама мен хабарландырулардың мәтіні тіліне жарнама беруші жауапты

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз басып көшіруге болмайды

Редакция оқырман хаттарына жауап бәрмейді, оны қайтармайды және авторлар қолжазбасы еңделеді

Көлемі 3 компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды

Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды

А материалдың ақысы төленген

р/с KZ826010161000015589 БИК HSBKZKX
МЕКЕНЖАЙЫ: Қордай ауылы, Төле би көшесі, 70.
Тел.: редактор, редактордың орынбасары: 4-51-63,
жауапты хатшы және факс: 2-13-98,
бухгалтерия: 2-27-08,
e-mail: mayak1932@mail.ru, сайт: mayak1932.kz

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет шығады:

СӘРСЕНБІ, СЕНБІ

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Таралымы: барлығы - 5500 дана, қазақша - 3070 дана, орысша - 2430 дана.

«КИИК» ЖШС баспаханасында басылды: Қордай а., Төле би к., 106.